

Ж.М. Бексұлтанова

Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы, Көкшетау, Қазақстан

ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЖАҒДАЯТТАРДЫҢ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТІРКЕСТЕРМЕН СИПАТТАЛУЫ

Аңдатпа. Мақалада білім алушыларды әскери шығармалармен сусындата отырып, сабақ барысында шығармада кездесетін фразеологиялық тіркестерді табу арқылы әрі қарай білімдерін тереңдету қарастырылған. Көркем туындыдағы фразеологиялық тіркесті басқа да көркемдеу тәсілімен салыстыра талдатып оқыту болашақ офицерлердің тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді. Тұрақты сөз тіркестерін жете меңгеріп, тәжірибеде қолдана білудің маңызы зор. Жас сарбаздар мұны терең түсініп, жақсы меңгерсе, сөз байлығы молайып, сөйлеу шеберлігі жетілетініне көзіміз жетеді.

Түйінді сөздер: фразеологиялық тіркестер, әдеби шығарма, тәлім-тәрбие, білім беру, тіл байлығын арттыру, Қасым Қайсенов, тарих, әскери шығарма.

Көркем шығарма арқылы жас ұрпақтың жүрегіне жол тауып, білім берудің басты мәселесі – патриоттық құндылықтармен тәрбие беру бүгінгі күннің басты талабы. Жас ұрпақтың өсіп-өркендеуінің негізі - туып-өскен жерінің тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын терең әрі жан-жақты біліп өсуі, мемлекетінің ертеңін ойлар текті тұлға болып қалыптасуына мол әсерін тигізеді.

Қазақ тілі сабағында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес «Адам және уақыт» модулін, соның ішінде «Қазақтың уақыт өлшемдері», «Тұрақты тіркестер (сүт пісірім, ет асым, күн төбеге көтерілгенде, қас қарайған кезде)» тақырыптары берілген. Осы орайда қазақ тілін орыс тілді аудиторияда оқытатындықтан фразеологиялық тіркесті өткен кезде болашақ құтқарушылардың қызығушылығын арттыру үшін, жалпы тіркес оралымдардың тіл байлығына қаншалықты әсер ететіндігін түсіндіру мақсатында оның тарихына жүгінеміз.

Осы ретте, қазақ халқы революцияға дейін көшіп-қонып көшпенділік дәуірді ұзақ уақыт басынан өткізгендігі белгілі. Олар жаз жайлауда, қыс қыстауда, күз күзекте көшіп-қонып жүргенде, уақыт мерзімін, ұзындық пен көлемді қалай өлшеп білген деген заңды сұрақ туады. Сол заманда біздің халқымыздың уақытты сағатпен көлем мен салмақты таразымен, ұзындық пен кеңістікті метрмен өлшеуге әлі онша дағдыланбаған, үйренбеген кезі еді. Бәлкім, сол кезеңге бұл өлшемдердің көшпенділік тұрмысқа соншалықты қажеті де болмаған шығар. Қалай дегенмен, сол заманның тұрмыс-тіршілігіне лайық өз өлшемдері болғандығын тілдегі өлшемдік ұғымды білдіретін қыруар сөздер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы танып білуге болады. Өткен заманда қазақтар уақытты сағатпен нақтылап өлшемегенімен, секунд, минут, сағат деген уақыт өлшемдерін шамамен дәл болжай білген. Мәселен минут пен сағатты бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым сияқты нақтылы мөлшерлі уақытпен білдірген. Осы фразеологиялық тіркестер сағат болмағанымен, сағаттың орнына жүрген. Тәулік пен жыл ішіндегі мерзімдерді нақтылап дәл айыру үшін қазақтар Ай, Күн, Шолпан, Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Есекқырған тәрізді

толып жатқан аспан денелерін молынан пайдаланған. Олардың күнбе-күнгі (тәулік бойындағы) айлық, жылдық қимыл- қозғалыстарын қадағалап бақылап отырған [1]. Қазақ тіліндегі халықтық өлшем атауларын төмендегіше топтарға бөліп қарастырдық:

1. Салмақ өлшем атаулары
2. Көлем өлшемдері
3. Ұзындықты білдіретін өлшем атаулары
4. Қашықтық пен жақындықты білдіретін өлшем атаулары

Ерте кезеңдерде бүгінгідей метр, километр, килограмм, грамм, центнер, тонна сияқты нақты көрсетілетін салмақ-көлем өлшем бірліктері болмағандықтан, оның шамасын ыдыс-аяқтар мен салынатын заттардың шамасымен орай соның атауымен атап тілдік бірлік ретінде қолданылған. Адамның танымдық санасының тармақталуына сәйкес ыдыс-аяқтардың түрлі сұйықтық, ұсақ, шашылып-төгілетін заттарды сақтау, тасу, өлшеу сияқты қызметтерін атқаруда қолданылуына орай семантикалық белгілері ашылғаны белгілі. Осы жағынан алғанда өлшеу мағынасын білдіретін бір саба қымыз, бір қарын май, бір табақ ет сияқты өлшем мәнді тіркестердің нақты өлшемін білдіруден гөрі, шартты түрде көрсетуі басым. Қазақ халқының мәдени өзіндік ерекшелігіне орай, салмақ-көлем өлшемдерінің тілдік табиғатынан мағыналық қатынастарды аңғаруымызға болады. Салмақ-көлем өлшемдерінің дерлік көпшілігі өздері тұрған ыдыспен тікелей байланыста болғандықтан, ыдысты микроконцептей отырып, ол құрайтын тілдік өріс аясына бір саба қымыз, бір табақ ет, бір қарын май, бір тегене сорпа, бір торсық айран, астау-астау көже, қап-қап бидай сияқты өлшем бірліктерін жатқызуымызға болады.

Қазақ тілінде де ұзындық, биіктік, қалыңдық өлшем атаулары осы дене мүше атауларының негізінде дамып қалыптасқан. Олар: елі, қар, қарыс, қарыс сүйем, сере қарыс, кере қарыс, жырта қарыс, ат шаптырым, бір шақырым, аспан мен жердей, бір құшақ, елі, аршын, шынтақ, табан, бармақ, құлаш, сүйем сияқты өлшемдік мағынадағы сөздер бар. Елі – сұқ қолдың еніне тең ұзындық бірлігі (шамамен 2 см). Мұнда өлшенетін заттың үстіне қолды салып, оған сұқ қолдан бастап шынашаққа дейін қанша саусақ орналасқанын анықтайды, қатар орналасқан 4 саусақтың ені төрт елі деп аталады (шамамен 7-8 см). Ұзындық өлшемін білдіруде бірден-бір көп қолданылатын сөз – құлаш. Құлаш – иық деңгейінде кере созылған екі қол ұшының арасы. Құлаштың адамзат өмірінің өткен кезеңдерінде басқа елдермен сауда-саттық жасауда, өзінің тұрмыс-тіршілігінде, бір нәрсенің ұзындығын өлшеуде өте қолайлы, ыңғайлы, көп қолданылатын өлшем бірлігі екенін байқауға болады. Қазақ тілі танымында ара қашықтық шамасын анықтауда салыстырмалы түрде құлаш созым жер деп тиіп тұрған жақын жерді бейнелеп көрсетеді.

Тілімізде ұзындық, қашықтық өлшемін білдіретін бірден-бір атау – адым. Адым – жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы, қадам. Мәселен, орнатылған ағаштардың аралық қашықтығын ол қадамдап өлшеп берді. Адым атауы ерте кездердің өзінде-ақ көптеген түркі тілдерінде «жүру, қозғалу, аяқ басу» мағынасымен қатар ұзындық өлшемі ретінде жұмсалатыны туралы зерттеу еңбектерінде көрсетілген [2].

Тіліміздегі фразеологиялық (тұрақты) тіркестер - лексиканың айшықты бір саласы. Бұлар өзінің экспрессивті-эмоциялық әсерлілігімен көзге түседі. Фразеологиялық тіркестер мәнерлілік қасиетіне орай көркем шығармада молынан қолданылады. Сондықтан оларды көркем шығармаларды өткенде, идеялық

мазмұнымен байланыстыра отырып, көркем образ жасаудағы қызметін аша көрсетіп үйрету қажет. Көркем туындыдағы фразеологиялық тіркесті басқа да көркемдеу тәсілімен салыстыра талдатып оқыту болашақ офицерлердің тіл байлығын арттыруға, ойын өрістетуге, көркемдік талғамын ұштауға жәрдемін тигізеді. Тілімізде тұрақты сөз тіркестері молшылық. Тұрақты сөз тіркестерін жете меңгеріп, тәжірибеде қолдана білудің маңызы зор. Жас сарбаздар мұны терең түсініп, жақсы меңгерсе, сөз байлығы молайып, сөйлеу шеберлігі жетіле түседі. Академик І. Кеңесбаевтың айтуынша, фразеологиялық тіркестердің сөйлеу процесіндегі басты қызметінің бірі-жеке сөздер я сөз орамдары бере алмайтын көркемдік, образдық, экспрессивтік мағына арқылы ойды тыңдаушыға жеткізу болса керек. Сондықтан да мұны жақсылап ұғындырумен қатар, жас болашақ офицерлердің аз сөзбен мағына беріп, ойды өткірлеп, образды етіп айтуға, ауыз әдебиеті мен көркем әдебиетті жақсы түсініп қана қоймай сол тіркестерді өздерінің сөздік қорына қосып отыру машығын дамытамыз.

Фразеологизмдерге тән басты белгі - оның даяр қалпында жұмсалыу белгісі. Фразеологизмдер қарым-қатынас процесінде, сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр қалпында бір тұтас единица ретінде жұмсалады. Фразеологизмдердің бұл қасиеті оны еркін сөз тіркесімен салыстырғанда, ашық көрінеді. Мысалы, *суды қайнату*, *қолды жуу* тәрізді еркін сөз тіркестері сөйлеу кезінде жеке сөздердің бір – бірімен еркін тіркесіп айтылуынан жасалса, *қаны қайнау* (ызалану), *соры қайнау* (сорлау) және т.б. осылар тәрізді фразеологизмдер тіркескен күйінде, бүтін қалпында жадымызда сақталады да, сөйлеу кезінде олардың сыңарлары сөйлеушінің қалауы бойынша тіркеспейді, бүтіннің бөлшектері бұрыннан өзінше тіркесіп қойған қалпында бір тұтас даяр күйінде қолданылады. Тілімізде фразеологизмдерді қолданушы адам оның құрамына енетін сөздерді өзінше тіркестірмейді, тұтасқан күйін бұзбай, қаз қалпында қайталай қолданылады. Мұндай қасиет фразеологиялық оралымға ғана емес, сонымен бірге лексикалық единица – сөзге де тән. Мысалы, *әдемі* (сүйкімді), *уайым-қайғысы жоқ* (қиыншылық көрмеген), *шапшаң* (жылдам) деген сөздер де және бұларға белгілі дәрежеде синонимдес болып келетін *үріп ауызға салғандай*, *мұртын балта шаппайды*, *қас пен көздің* арасында тәрізді фразеологизмдер де даяр қалпында жұмсалыу қасиетімен сипатталады. Мәселен ұлтымыздың тарихында асқан батырлық, ерлік істерімен, асқақ сипатты, шоқтығы биік туындыларымен, өшпестей із қалдырған тұлғалардың бірі – Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» атты шырғармасын оқыта отырып, автордың қолданысында фразеологиялық тіркестердің жағдаятты бейнелеу ерекшелігін зерделейміз.

Бұл өз кезегінде жастарды отансүйгіштік мақсатта патриоттық рухын көтерумен бірге, тіл байлықтарында арттыратыны сөзсіз. Қ.Қайсенов туындысында өмірдегі адамдар туралы көркем әдебиет бетінде тап-таза шынайылықпен ғана сипаттайды. Өмір мен өлім кезектесіп келіп, адамның бүкіл ғұмыры оның оңтайлы ойы мен іс-қимылдың жіті қимылдауында жатқанын ұғындырады. Мәселен, «Осылай қайғы құшағында отырғанда, село жақтан дырылдаған мотоцикл моторларының даусы естілді де, мылтық атылды. Сөйткенше болмай, атылған мылтық даусына ұлардай шулаған үрейлі адам дауысы ұласып, төңірек азан-қазан болды да қалды. «Тағы не болып қалды?» дегендей, Анна Ивановна орнынан тұрып қараса, село жақтан көп адам қашып келеді екен. Көбінің қолында жас нәресте. Әйелдер, балалар, кемпір мен шалдар. Бәрі де қолдарынан келер қайраты жоқ, қорғансыз жандар. *Ажал тырнағынан сытылып шыққандай, екі өкпелерін қолдарына алып, сүрініп-қабынып,*

жан ұшырып, бассауғалап келеді. Бәрінің іздейтіні тыныштық, бас амандық. Бірақ жау бейбіт елге ол берекені берер емес. Ойрандап, талқандап барады.

«Бұлар осынша неден ығып келеді? Әлде немістер қуып келе ме?» - деген оймен, Анна Ивановна шұбырып келе жатқандардан көз айырмады.

- Неге тұрсындар? Қашындар! Неміс солдаттары селоны өртеп, адамдарды асып-атып жатыр! – деп, баласын көтеріп тоғай жиегіне еңтігіп-демігіп бұрын жеткен жас әйел Анна Ивановнаға есі шыға қарады [4]». Қаламгердің үзіндісінен сабақ барысында фразеологиялық тіркестерді табамыз. Жоғарыда белгілеп кеткеніміздей *ажал тырнағынан сытылып шығу, екі өкпелерін қолдарына алу, жан ұшыру* деген фразеологиялық тіркестер *өлімнен аман қалды; табаны сайға тимей жүгіре жөнелді* (аяғы аяғына жұкпады, асығып келді; асыққан, қуанған кісіге айтылады); *асығып-аптықты* (жанықиналды, безектеді) деген синонимдерге сай келеді [3].

Қасым Қайсенов жау тылындағы партизандар өмірін ғана суреттеп қоймай, өз туған жері үшін күрескен әр Украин азаматын, баласын қорғау жолында ғана емес, туған жердің топырағын қорғаудың қамында жүрген Ананың бейнесін жан-жақты оқырманға қызықты сомдайды. Өз ұлтынан болмаса да ана жүрегі Серікті ешкімге бергісі келмеді. Серік те басынан талай қиыншылықтарды кешіп, әкесі соғыстан оралғанша Анна Ивановнаның қасында болды.

Атап айтсақ, « - Сіз әлі де ойланып көріңіз. Соғыс болса әлі де жүріп жатыр. Бористі қалдырмағанмен Сержаны қалдырыңыз. Бористі тәрбиелеп жеткізсеңіз де үлкен еңбек істеген боласыз. Ал Серік болса жетім бала. Өзіңіздің балаңыз емес. Біздің артиллеристің баласы ғой. Біз оны бір соғысқа салады деп ойлайсыз ба? Тамағы аш, киімі жыртық болады дейсіз бе? Штабта жүреді. Соғыс біткен күні оқуға жібереміз. Ол да артиллерист болып шығады әкесі сияқты, - деп подполковник партизан ананы үгіттей бастады...

- Жоқ, жолдас подполковник, Серік менен тумаса да, туғандай боп кеткен бала. Ол мені өлімнен алып қалған. Мен де оған пана да, ана да болып келемін. Оны сіздерге бергім келмейді. Бере алмаймын. Олар қайда болса, мен сонда, мен қайда болсам олар сонда болулары керек! Серікті бере алмаймын, оған *қолқа салмаңыз!* – деді ана үзілді-кесілді жауап айтып, жыламсырап, көзін сүртіп отырып [4]». Осында «*қолқа салу*» фразеологиялық тіркесін алатын болсақ, халқымыз – «ар-ұят» ұғымын жеке тұлға ретінде емес, топтық тұлға ретінде қолданады. Қазақ тілінде бұл түсініктің баламасы – «ар-намыс», «ар-ұятты сақтау», «абырой» мен «борыш». Қазақ халқының ішінде, әдептілік нормалар – жеке бір адамның ар-ұятын емес, сол адам кіретін топтың, әулеттің ар-ұятын сақтауға бағытталады. Бұл тұжырымнан туатын келесі ойдың төрі: жекелік мәдениетпен салыстырғанда топтық мәдениетте адамға жүктелетін жауапкершілік пен борыш сезімі бірнеше есе үлкен. Тіпті, «ар-ұятқа» қатысты топтық ұстаным, қазақ даналығының қоры – мақал-мәтелдерде көрінісін тапқан: «*Ел намысы – ер намысы*», «*Өлімнен ұят күшті*», «*Ер жігіт – елінің ұлы, намысының құлы*», «*Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер*». Бәлкім, қазақ халқы – арлы және намысшыл халық болғаннан кейін де, өз арасында «өтінемін» сөзін ауыз-екі түрде қолданбаған болуы керек. Алаш санасында «өтінемін» сөзін қолдану, не болмаса «өтініш білдіру» – өте жалынышты халді бейнелеген, ал аталарымыз бір-бірін ондай күйге түсіргісі келмеген. Сол себепті, ұлтымыздың менталитетінің осы бір ерекшелігіне орай, қазақтар «өтініш айтудың» ұшар басы ретінде «қолқа салу» сөз тіркесін жиі қолданған. Сонда «қолқа

салып келіп отырмын» деген «жүк артқалы келіп отырмын, салмақ салғалы келіп отырмын» дегенді білдіреді [5]. Ал, «Серікті бере алмаймын, оған қолқа салмаңыз! – деумен, Қасым Қайсенов ана мен бала арасындағы жағдаятты фразеологиялық тіркес арқылы айшықтап беріп отыр. Сондықтан «маған қолқа сала көрмеңіздерші», «қолқалай көрмеңіздерші», «қолқа салмаңыз» деген салынып қойған қолқадан мыңнан бір адам ғана құтылады. Болашақ әскери мамандарды оқыту белгілі бір технологияны қолдана отырып, қойылған мақсаттарға жетудегі, оқу объектісінің меңгерілуіндегі субъектілердің (білім алушы мен оқытушының) педагогикалық арақатынасын сипаттайтын екі түрлі мағына береді және негізгі талаптары ретінде ол әскери қызметшінің жоғары дәрежедегі әскери-кәсіптік шеберлігінің дайындығына сай келетін жаңа заманғы талаптарға сәйкес болуы керек. Оқу барысында меңгерілетін білімді, білікпен дағдыны қорытындылай келгенде әскери шеберлік қалыптасады. Бұл маңызды мақсат әскери қызметшінің әртүрлі бейіндік пәндер бойынша сабақтарда оқу барысында іске асатыны белгілі. Сонымен қатар кез-келген пән аясында әскери жоғары оқу орнындағы білім алушының кәсіптік қалыптасуына ерекше мән берілуі тиіс деп есептейміз [6].

Қорыта келе айтарымыз, азаматтық қорғау саласындағы болашақ офицерлерді әскери шығармалармен сусындата отырып, сабақ барысында шығармада кездесетін фразеологиялық тіркестерді табу арқылы әрі қарай білімдерін тереңдетеміз. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» бар демекші, қазіргі жазба әдеби тілдің қатталған беттерінде қалып бара жатқан фразеологиялық тіркестерді бүгінгі ұрпақ тілінен жиі ұшырату қиын. Өмір ағыны дәуір екпінінің әсерінен асығыс, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік азайып келеді. Сондықтан жас сарбаздар шыңдалып, әрі қарай даму үшін және қазақстандық әскери көркем әдебиеттерді насихаттау мақсатында сабақ барысында осындай әдістемелерді қолдану нұр үстіне нұр болары хақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.
2. Ақтаева Г.С. Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты ф. ғ. к. дисс. – Алматы, 2009. – 12 б.
3. Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.
4. Қайсенов Қ. Жау тылындағы бала. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Блялова А.Қ. «Қазақ менталитетінің айнасы» болып табылатын тілдік деректер // Jambyl-Taraz. – 2022, 13 мамыр. <https://z-taraz.kz/aza-mentalitetini-ajnasy-bolyp-tabylatyn-tildik-dereker/>
6. Қасымова С. К. Әскери жоғары оқу орындарындағы курсанттардың білім алу үрдісінде кәсіптік қалыптасудың ерекшеліктері // Азаматтық қорғаудағы ғылым мен білім. – 2022. – № 3(47). – Б.79-86.

References

1. Bolғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 256 б.

2. Ақтаева Г. С. Қазақ және тырык тилдеріндегі халықтық өлшем атауларының etnolingvistikalyқ sipaty f.ғ.к. diss. – Алматы, 2009. – 12 б.
3. Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің frazeologiyalyқ сөздігі. – Алматы: Қазақ SSR-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.
4. Қайсенов Қ. ЗНау тылындағы бала. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
5. Blyalova A. K. «Қазақ mentalitetінің айнасы» болып табылатын тилдік деректер // Jамбыл-Тараз. – 2022, 13 мамыр. <https://z-taraz.kz/aza-mentalitetini-ajnas-y-bolyp-tabylatyn-tildik-dereker/>
6. Қасымова С. К. Әскери жоғары оқу орындарындағы курсанттардың билим алу үрдісінде кәсіптік қалыптасудың ерекшеліктері // Азаматтық қоғамдағы ғылым мен билим. – 2022. – № 3(47). – В.79-86.

Ж.М. Бексултанова

*Академия гражданской защиты имени Малика Габдуллина
МЧС Республики Казахстан, Кокшетау, Казахстан*

ОПИСАНИЕ СИТУАЦИЙ С ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИМИ СЛОВСОЧЕТАНИЯМИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ КАСЫМА КАЙСЕНОВА

Аннотация. В статье рассматривается использование фразеологических словосочетаний в военных произведениях на занятиях для дальнейшего углубления знаний в устной речи обучающихся. Сопоставительное обучение фразеологии на примере военных произведений с другими способами художественного оформления способствует повышению языкового достатка будущих офицеров, развитию мышления, развитию художественного вкуса. Владение и умение применять на практике средств художественной выразительности обогащает речь, совершенствует коммуникативные навыки молодых офицеров, что несомненно в будущем пригодится в их служебной деятельности.

Ключевые слова: фразеологическое словосочетание, литературное произведение, воспитание, образование, развитие языковых навыков, Касым Кайсенов, история, военное произведение.

ЖН. М. Вехуланова

*Malik Gabdullin Academy of Civil Protection of the Ministry for Emergency Situation of the
Republic of Kazakhstan, Kokshetau, Kazakhstan*

DESCRIPTION OF SITUATIONS WITH PHRASEOLOGICAL PHRASES IN THE WORK OF KASYM KAISENOV

Abstract. The article discusses the use of of phraseological phrases in military works for further deepening of knowledge in the oral speech of students. Comparative training of phraseology on the example of military works with other methods of decoration contributes will improve linguistic affluence of future officers, develop their artistic taste. The possession and ability to put into practice the means of artistic expression enriches speech, improves the communication skills of young officers, which is sure to be useful in their official activities in the future.

Keywords: phraseological phrase, literary work, upbringing, education, development of language skills, Kasym Kaisenov, history, military literature.

Автор туралы мәлімет/ Сведения об авторе/ Information about the authors

Жұлдызай Манасқызы Бексұлтанова – Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының әлеуметтік-гуманитарлық пәндер, тілдер және психологиялық дайындық кафедрасының оқытушысы. Қазақстан, Көкшетау, Ақан Сері к-сі, 136. E-mail: baka_zhuka@mail.ru

Бексұлтанова Жұлдызай Манасовна – преподаватель кафедры социально-гуманитарных наук, языковой и психологических дисциплин Академии гражданской защиты имени Малика Габдуллина МЧС Республики Казахстан. Казахстан, Кокшетау, ул. Акана Серэ, 136. E-mail: baka_zhuka@mail.ru

Zhuldyzai M. Beksultanova – a teacher of the Department of social and humanitarian disciplines, languages and psychological training of the Malik Gabdullin Academy of Civil Protection of the Ministry for Emergency Situation of the Republic of Kazakhstan. Kazakhstan, Kokshetau, 136 Akan Seri street. E-mail: baka_zhuka@mail.ru